

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген өтініштер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 87 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2021 жылғы 26 шілдедегі № 721 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 шілдеде № 23727 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 1312 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 22.12.2022 № 1312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген өтініштер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 87 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16368 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 92-бабы 6-тармағына, 98-бабының 4-тармағына, 99-бабының 1-тармағына, 100-бабының 1-тармағына, 101-бабының 1-тармағына, 102-бабының 1-тармағына, 166-бабының 2-тармағына, 461-бабының 2-тармағына, 490-бабының 1-тармағына, 497-бабының 1-тармағына, 504-бабының 1-тармағына, 511-бабының 1-тармағына, 518-бабының 1-тармағына және 525-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексімен көзделген өтініштер нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 659 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12629 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.";

көрсетілген бұйрыққа 2, 3, 4, 5 және 9-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қаржы министрінің
міндетін атқарушы*

М. Султангазиев

Қаржы министрінің
міндетін атқарушы
2021 жылғы 26 шілдедегі
№ 721 Бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 30 қаңтардағы
№ 87 бұйрығына
2-қосымша
нысан

(заңды тұлғаның толық атауы)

(заңды мекен-жайы)

(нақты мекен-жайы)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(электрондық мекен-жайы,
телефоны)

(мемлекеттік кірістер
органының атауы)

**Өз тауарларын сақтау қоймалар, үй-жайлар және ашық алаңдар иелерінің тізіліміне
енгізу туралы өтініш**

Сізден "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 166-бабының 2-тармағына сәйкес өз тауарларын сақтау қоймалары, үй-жайлар және ашық алаңдар иелерінің тізіліміне енгізуді сұраймыз.

Келесі мәліметтерді көрсетеміз:

үй-жайлар және (немесе) ашық алаңдар меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалдауда болуға, бұл ретте жалдау мерзімі өтініш берілген күннен бастап кем дегенде 6 ай жалға беру мерзімінде болуы

_____;

орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипатына сәйкес келетін сертификатталған таразы жабдығы болуға, ал арнайы сақтау орындарына газ орналастырылатын жағдайда тиісті есепке алу аспаптары болуы

_____;

аумақ Кодекстің 404-бабына сәйкес белгіленуге тиіс

_____;

техникалық жағынан жарамды кіреберіс жолдардың, сондай-ақ қатты төсемі (бетон, асфальт, резеңке не өзге де қатты төсемі) бар тауарларды жете тексеруге арналған орындары, оның ішінде электр жарығымен жарактандырылған жабық алаңдары болуы _____;

тиеу-түсіру алаңдарын (бір немесе бірнеше қойма үй-жайлары мен алаңдардың) қоса алғанда, аумақ бір пошта мекенжайы бойынша орналасуға және өз тауарларын сақтау қоймасының бүкіл периметрі бойынша тұтас қоршауы болуға тиіс

_____.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20955 болып тіркелген) "Өз тауарларын сақтау қоймалар, үй-жайлар және ашық алаңдар иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету шеңберінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім

_____.

Берген күні: _____

Заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Қолы _____

Қаржы министрінің
міндетін атқарушы
2021 жылғы 26 шілдедегі
№ 721 Бұйрыққа
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 30 қаңтардағы
№ 87 бұйрығына
3-қосымша
нысан

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/
жеке сәйкестендіру
нөмірі _____
Заңды тұлғаның /жеке тұлғаның
атауы _____
Заңды мекен-жайы _____

Электрондық мекен-жайы,
телефоны _____

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау туралы өтініш

Сізден "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 461-бабының 2-тармағына сәйкес зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізуді сұраймыз.

(тиісті зияткерлік меншік объектілері туралы ақпарат)

Құқық иесі туралы мәліметтер:

Резидент иә



жоқ



Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Заңды тұлғаның /жеке тұлғаның атауы _____

Заңды мекен-жайы (ел) _____

—

Электрондық мекен-жайы, телефоны _____

Өкіл туралы мәліметтер:

Резидент иә

☐

жоқ

☐

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Заңды тұлғаның /жеке тұлғаның атауы _____

Заңды мекен-жайы (ел) _____

Электрондық мекен-жайы, телефоны _____

Бұрын қолданыста болған

☐

жаңа

☐

Әкелінетін

☐

әкетілім

☐

Зияткерлік меншік объектілері бар тауарларды өткізуге келісім берілген
тұлғалар (уәкілетті экспорттаушылар/импорттаушылар)

Резидент иә

☐

жоқ

☐

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Заңды тұлғаның /жеке тұлғаның атауы _____

Заңды мекен-жайы (ел) _____

Зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқығына белгіленген мерзімде

_____ бастап _____ дейін _____

(жыл айы күні) (жыл айы күні)

Құқық иеленушінің немесе құқық иеленушінің мүдделерін білдіретін өзге тұлғаның зияткерлік меншік объектілері бар тауарлардың ____ данадан кем немесе оған тең өтуіне келісімі талап етілмейді.

Өтінішке келесі құжаттарды қоса береміз:

Зияткерлік меншік құқығының болуын және тиесілігін растайтын құжаттар (куәлік, лицензиялық шарт, Қазақстан Республикасы тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді, халықаралық тіркеу бойынша тауар белгісінің құқықтық мәртебесі туралы анықтама немесе құқық иеленуші немесе құқық иеленушінің мүдделерін білдіретін өзге тұлға зияткерлік меншік объектілеріне өз құқықтарын растау үшін ұсына алатын басқа да құжаттар):

Құжат түрі _____

Құжаттың тіркеу нөмірі _____

Құжаттың қолданылу мерзімі _____

Құқық иеленушінің өз мүддесін білдіретін тұлғаға берген сенімхаты _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ парақ саны;

Өтініш берушінің декларантқа және өзге де тұлғаларға келтірілген зиянды, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілері бар тауарлардың шығарылуын тоқтата тұруға байланысты туындауы мүмкін Мемлекеттік кіріс органдарының шығындарын өтеу туралы міндеттемесі _____ парақ саны;

Сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалана отырып электрондық нысанда жасалатын басқа тұлғаларға зиян келтіргені үшін өтініш берушінің жауапкершілігін сақтандыру шарты _ _ _ _ _ парақ саны;

Тауарлардың сипаттамасы, зияткерлік меншік объектілері бар қоса бере отырып, фотосуреттерді мүмкіндік беретін мемлекеттік кіріс органдарына анықтауға тауарлар зияткерлік меншік құқықтары бұзылған, ерекше белгілерінің сипаттамасы _____ файлдардың саны;

Кестеге сәйкес зияткерлік меншік объектілері бойынша деректер:

p/c	Зияткерлік меншік объектісінің атауы (түрі, бейнесі)	Тауарлардың атауы, ТҚХС бойынша тауарлардың сыныбы* ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша алғашқы алты белгі деңгейіндегі тауарлардың коды**	Құқық иесі (атауы, заңды мекен-жайы)	Қорғау құжатының атауы, нөмірі және күні	Зияткерлік меншік объектісіне қорғау мерзімі	Құқық иеленушінің сенімді тұлғалары
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: * ХҚТУ – тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі;

* ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді "авторлық құқықтар мен сабақтас құқықтар объектілерін, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде ғана пайдалануға келісемін"

Иә



Жоқ



Берілген күні: _____

Қаржы министрінің
міндетін атқарушы
2021 жылғы 26 шілдедегі
№ 721 Бұйрыққа
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 30 қаңтардағы
№ 87 бұйрығына
4-қосымша
нысан

(заңды тұлғаның толық атауы)

(заңды мекен-жайы)

(нақты мекен-жайы)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(электрондық мекен-жайы,
телефоны)

(мемлекеттік кірістер
органының атауы)

Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш

Сізден "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 490-бабының 1-тармағына сәйкес кеден өкілдерінің тізіліміне енгізуді сұраймыз.

Мынадай мәліметтерді көрсетеміз:

өкілі болып отырған тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру немесе осы тұлғалармен жасалған шарттарды бұзу салдарынан басталуы мүмкін кеден өкілінің азаматтық жауапкершілігінің тәуекелін, сақтандыру шартында белгіленетін сақтандыру сомасына сақтандыру шартының болуы

_____;
_____ мөлшерде, ал кеден өкілі ретіндегі қызмет аясы кедендік әкету баждары салынбайтын және экспорттың кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты кедендік операциялар жасаумен шектелетін заңды тұлғаға қатысты валюта бағамы қолданыла отырып, бір жүз елу мың еуроға баламалы мөлшерде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету _____

_____;
_____ мемлекеттік кірістер органына кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш берілген күнге кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттің болмауы _____

_____;
_____ электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы шарттың (келісімнің) болуы _____

_____.
"Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20955 болып тіркелген) "Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету шеңберінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім _____

_____.
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмыз:

1) Кодекстің 10-тарауына сәйкес кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу туралы мәліметтер тіркелгенін растайтын құжаттар _____;

2) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты _____
_____.

Кодекстің 490-бабы 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсыну оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда талап етілмейді.

Қосымша: _____ парақта.

Берген күні: _____

Заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Қолы _____

Қаржы министрінің
міндетін атқарушы
2021 жылғы 26 шілдедегі
№ 721 Бұйрыққа
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 30 қаңтардағы
№ 87 бұйрығына
5-қосымша
нысан

(заңды тұлғаның толық атауы)

(заңды мекен-жайы)

(нақты мекен-жайы)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(электрондық мекен-жайы,
телефоны)

(мемлекеттік кірістер
органының атауы)

Кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу туралы өтініш

Сізден "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 497-бабының 1-тармағына сәйкес кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізуді сұраймыз.

Келесі мәліметтерді көрсетеміз:

жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыру мерзімі

_____;

кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын мұндай қамтамасыз ету енгізілген күнге валюта бағамын қолдана

отырып, екі жүз мың еуроға баламалы мөлшерде, ал егер Комиссия қамтамасыз етудің өзге мөлшерін айқындаса, Комиссия айқындаған мөлшерде қамтамасыз ету

_____;
егер жүктерді тасымалдау жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес рұқсаттың болуын талап етсе, мұндай қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсаттың болуы

_____;
тауарларды тасымалдауға пайдаланылатын көлік құралдарының, оның ішінде кедендік пломбалары және мөрлері бар тауарларды тасымалдауға жарамды көлік құралдарының меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынған болуы

_____;
мемлекеттік кірістер органына өтініш берілген күнге кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттің болмауы

_____;
мемлекеттік кірістер органына өтініш берілген күнге дейінгі бір жыл ішінде "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 521, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 533, 534, 549, 550, 555 және 558-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілерінің болмауы

_____;
көлік құралында кеден органына байланыс арналары бойынша сигнал беру арқылы осы көлік құралының тұрған жерін айқындауға мүмкіндік беретін деректерді үздіксіз беру функциясы бар спутниктік навигация жүйесінің техникалық құралының немесе шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғысының болуы туралы мәлімет (тармақшаның талабы тіркемелерге, жартылай тіркемелерге, вагондарға, контейнерлерге және өздігінен жүзбейтін кемелерге қолданылмайды) _____;

_____;
электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы шарттың (келісімнің) болуы туралы мәлімет. _____

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20955 болып тіркелген) "Кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету шеңберінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім _____.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмыз:

1) Кодекстің 10-тарауына сәйкес кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеу туралы мәліметтер _____;

2) кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылуы көзделетін, тауарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының, оның ішінде кедендік пломбалары және мөрлері бар тауарларды тасымалдауға жарамды көлік құралдарының меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынған болуын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері _____;

3) халықаралық тасымалдау көлік құралдарын кедендік пломбалары және мөрлері бар тауарларды тасымалдауға жіберу туралы куәліктердің көшірмелері _____.

4) егер жүктерді тасымалдау жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес рұқсаттың болуын талап етсе, мұндай қызмет түрін жүзеге асыруға арналған рұқсаттың көшірмесі _____.

Кодекстің 497-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсыну оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алуға мүмкін болған жағдайда талап етілмейді.

Қосымша: ____ парақта.

Берген күні: _____

Заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Қолы _____

Қаржы министрінің

міндетін атқарушы
2021 жылғы 26 шілдедегі
№ 721 Бұйрыққа
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 30 қаңтардағы
№ 87 бұйрығына
9-қосымша
нысан

(заңды тұлғаның толық атауы)

(заңды мекен-жайы)

(нақты мекен-жайы)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(электрондық мекен-жайы,
телефоны)

(мемлекеттік кірістер
органының атауы)

Бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш

Сізден "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 525-бабының 1-тармағына сәйкес бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізуді сұраймыз.

Келесі мәліметтерді көрсетеміз:

бажсыз сауда дүкені ретінде пайдалануға арналған және мынадай талаптарға сәйкес келетін құрылысжайлардың және (немесе) үй-жайлардың (үй-жайлар бөліктерінің) меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынған болуы. Егер бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу туралы өтініш берілген күнге құрылысжайлар және (немесе) үй-жайлар (үй-жайлардың бөліктері) жалға алынған болса, мұндай құрылысжайларға және (немесе) үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) қатысты жалға алу шарты кемінде алты ай мерзімге жасалуға тиіс _____

_____;
сауда залы тауарларды кедендік декларациялауды жүргізу үшін айқындалған орын шегінен тыс жерде болуға тиіс _____

_____;
бажсыз сауда дүкенінің аумағында сауда операцияларын жүзеге асыруға арналған орындар, сондай-ақ тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету және тауарларды сатуға дайындау (орамасын ашу, ыдысынан босату және басқалар)

жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған жеке қоршалған орындар болуға тиіс

_____;
Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бөлшек саудаға арналған тіркеу құжаттарының немесе рұқсаттардың болуы туралы мәлімет _____

_____;
аумақтық мемлекеттік кірістер органына өтініш берілген күнге кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу бойынша белгіленген мерзімде орындалмаған міндеттің болмауы

_____;
мемлекеттік кірістер органына өтініш берілген күнге дейін бір жыл ішінде "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 528, 532, 535, 538, 544, 551 және 555-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілерінің болмауы

_____;
тауарларды Кодекстің 324-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған тұлғаларға өткізу үшін көзделген бажсыз сауда дүкендері үшін тиісті тізілімге енгізудің қосымша шарттарын сыртқы саясат саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді

_____;
электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы шарттың (келісімнің) болуы _____

_____.
"Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20955 болып тіркелген) "Бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету шеңберінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім

_____.

Берген күні: _____

Заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК